

**«ТАРИХТЫ ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ» СЕКЦИЯСЫ
СЕКЦИЯ «СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПРЕПОДАВАНИИ ИСТОРИИ»****ТАРИХ САБАҒЫНДА ДИОЛОГТЫҚ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ТИІМДІЛІГІ****Амирова Р.А., тарих пәнінің мұғалімі**

№ 6 ЖББМ

Қарағанды қ., Қазақстан

Бүгінгі таңдағы ұстаздың міндеті сабақта теориялық бөлімін қалай меңгертемін деп ойламай, мен оқушыға қандай мүмкіндік берсем екен деп ойланады, яғни оқушы білімді өзі оқып, түсінгенін жұпта, топта талқылап, жаңа білімді өздері үйрену қажет. 1995 жылдың шілде айында ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңес «Қазақстан Республикасындағы тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасын» бекітті. Онда: «...өткен тарихымыздың шынайы бейнесін жасау-жалпыұлттық бірлігіміздің, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бітімі қалыптасуының, оның егемендігін нығайтудың, азаматтық мен отаншылдықты тәрбиелеудің ең басты факторларының бірі болып отыр. Тарих – халықтың зердесі, ол содан қуат алады, ол содан әлеуметтік шығармашылыққа, жарқын болашаққа бастайтын шабыт алады» [1, 32 б], – деп Отанмыздың тарихын оқытудың маңыздылығы атап көрсетіп, мемлекеттік саясаттың тарихи сананы қалыптастырудағы негізгі басымдықтары айқындады.

Тарихи сананы қалыптастыру міндетін жүзеге асыру үшін мектепке дейінгі, мектептегі және жоғарғы оқу орындарындағы білім беру жүйесі, бұқаралық ақпарат құралдары, мәдениет мекемелері, қоғамда тарихқа ден қою, тарихқа деген құрмет пен тағзым, тарихты түйсіну ахуалын туғызуы тиіс болды. Осындай игі шараның аясында Қазақстан тарихы пәні тек қане мектеп қабырғасында ғана емес, барлық жоғары жоғарғы оқу орындарындағы барлық мамандық студенттеріне міндетті пән ретінде оқытылып, мемлекеттік емтихан ретінде қабылдануда.

Тарих пәні сонымен қатар адамзат дамуының барлық сатысындағы әлемдік тарихты да қамтитыны белгілі. Ал, осындай өте үлкен тарихи кезеңіндегі сан қилы оқиғаларды тек қане дәріс, немесе мұғалімнің жетектеуімен оқушы санасында ұзақ уақытқа қалдыра алмайсың. Ақпараттық технологияның дамыған заманында жасөспірімдердің пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін, ұстаз да өз пәнін жетік білетін, АКТ-ны меңгерген, кез-келген жайттардан шығар жолды оңай таба білетін, құзіреттілігі жан-жақты дамыған болуы қажет. Оқушы тарапынан қойылатын сауалдар өте көп, солардың жауаптарын қанағаттанарлықтай етіп беру де қажет. Бүгінде мен дәстүрлі сабақтардан бөлек заманауи оқыту технологияларында басты назар аударатыным диалогтық оқыту әдістері болып отыр.

Ғалымдардың зерттеулерінде де айқын көрінеді.

«Қазірдің өзінде сыныптағы оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтіретіндігін көрсететін дәлелдер жеткілікті. Олар:

- оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді;
- оқушылардың басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын түсінуіне көмектеседі;
- оқушыларға өз идеяларын дәлелдеуге көмектеседі;
- мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында олардың оқушылары қандай деңгейде екендігін түсінуге көмектеседі» [1, 32б], -деп жазады, мен «Диалогтық оқыту арқылы оқушының қызығушылығын арттыру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, өзгелер алдында қысылмай, ойын ашық білдіруге, аудиторияны өзіне баурап алу қабілеттерін қалыптастырудың маңызы өте зор» деп білем.

Сонымен қатар, оқушының жас деңгейі, сыныптың қабылдау деңгейі, жалпы ахуалы, тақырыптың мазмұны мен ауқымы, ондағы фактілар мен деректердің күрделілігін де ескеру қажет. Оқушыларды неғұрлым төменгі сынып кезеңінде ойларын жүйелеуге дағдыландырсаң соғұрлым олардың жоғары сынып деңгейіне жеткенде ойларын бүкпесіз білдіру, өзгемен тез қарым - қатынас жасау дағдылары, кез-келген ортада өздерін ұстау мәдениеті де дами түседі.

Александр (2004) білім берудегі әңгімелесуді – қарым – қатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше, идеялар екі жақты бағытта жүреді, осының негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжиды деп есептейді. Және Александр (2008) диалог түрінде білім беру оқушыларды ынталандыру және дамыту үшін әңгіме күшін қолдануға мүмкіндік береді деп санайды. [2, 34 б] Мерсер (2005) құрдастар тобындағы өзара қарым – қатынас оқуда маңызды рөл атқаратынын

көрсетті. Сонымен қатар, Мерсер әңгімелесуді үшке бөледі; әңгіме – дебат, топтық әңгіме, зерттеушілік әңгіме [2, 34б].

Бұндай әңгімелесудің тәсілдерін барлық сыныпта әр түрлі сипатта пайдалануға болады.

Мен, тәжірибиемде өз сабақтарымда диалогтік әңгімелесудің осы 3 түрін де қолданам десем де болады.

Сабақ жоспарларын құруда да басты мақсатым оқушылар бір-бірімен пікірлесіп, ой бөлісу арқылы сөйлеу мәнері мен тыңдау дағдылары қалыптасып үлкен пайдасы бар екендігіне назар аудардым.

Бұл жерде диалогтық әңгіме оқушы мен оқушы, оқушы мен топ, топ пен топ, ұстаз бен оқушы, ұстаз бен жұптар немесе топтар, ұстаз бен сынып ұжымы арасында жүзеге асса ғана сабақ өз нәтижесіне жетеді. Жоғарыда айтып кеткендей, әр сынып деңгейінде диалогқа тарту мақсатында мұғалім тарапынан қойылатын сұрақтар деңгейі де әр түрлі болады.

Оқушылардың бірін-бірі толықтыруға мүмкіндік берудің маңызын өте зор. Бұл тарапта Мерсер де (2005) құрдастар тобындағы өзара қарым – қатынас оқуда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. [2, 34 б] Қазіргі таңда менің сабақ жоспарларым толықтай болмаса да белгілі – бір деңгейде, диалогтық оқыту барлық сыныптарда қамтылуда. Әр түрлі әдіс-тәсілдерді белсенді қолданам: «Ыстық орындық», «ЖИГСО-І», «Блиц-сауалнама», «Үш қадамды сұхбат»,

Сонымен қатар, жұптық және топтық жұмысқа негізделген сабақта оқушылардың өзара диалогқа түсу әрекеттерінің барысында көшбасшылардың белсенділігі төмен оқушыларды да сабаққа тарту үрдісінің жоғары деңгейде қалыптасып келе жатқанын да байқадым. Диалог барысында оқушылар нәтижеге жету үшін күш-жігерін жұмсайтын және Мерсер (2000) сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады [2, 34 б]. Өзара қосымша шығармашылық жұмыстар оқушылардың коммуникативті, ақпараттық, өзін-өзі дамыту сияқты құзіреттіліктерін де қалыптастырып, дамытып отырады.

Пікір алмасуда ұстаз бен оқушы арасындағы қарым-қатынастың сенімділік және демократиялық деңгейде қалыптасуын ескеру қажет. Мұғалім тарапынан ешқандай шектеуі жоқ диалогта оқушы өз ойын ашық айтатынына және мұндай диалог ең дамытушы диалог болатынына тәжірибе барысында әбден көзім жетті. Диалогтық оқыту-мұғалім-оқушы, оқушы-оқушы арасында шығармашылықпен өтетін, өз пікірін негізді, тұжырымды түрде білдіруге жетелейтін әңгімені ынталандырып, қуаттайтын оқыту әдістері деп білем.

Диалог арқылы оқытудың тарих сабағында алатын орны ерекше. Тарих сабағы көбінде ауызша жүргізілетін сабақтардың бірі, сондықтан сұрақ -жауап әдістерінің болуы заңдылық. Алайда осы әдісті үнемі пайдалану барысында мынадай ой түйдім: «Сабақ барысында оқушылардың әңгімелесуінің, пікірлесуінің көп маңызы бар. Топтық, жұптық жұмыс барысында диалогтік оқыту өз ойларын білдіруге мүмкіндік берсе, өзінің құрбысын түсінуге, онымен қарым-қатынас жасауға көмектеседі. Ойын ортаға салуға, сыни тұрғыдан ойлауға мүмкіндік алады. Жоғары деңгейлі сұрақтарға жауап беруде ізденіс жасайды, жалпы диалог оқушының сыни тұрғыдан ойлауына жетелейді.

Сабақ барысында кедергілер де болады. Кедергілер болдырмау үшін,

- сұрақтар дайындауда жүйелі, нақты оқушы түсіне алатындай болу керек және ашық сұрақ арқылы жабық сұраққа бағыттай беру;

- оқушылар пікірімен әрқашанда санасып отыру;
- оқушылар сөйлеген уақытта аяғына дейін тыңдау;
- ойын толық жеткізуге мүмкіндік беру;
- әдістерді жүйелі түрде қоладану;
- пікірталас тудыратын сұрақтарды қоя білу;

Ойымды қорытындылайтын болсам «Диалогтік оқыту» әдісі дегеніміз не? деген сұраққа былай жауап берер ем:

Оқушының сұраққа дұрыс жауап беруге үйренуі.

Оқушының сұхбат жүргізуге үйренуі.

Оқушының өз ойын жеткізуге үйренуі.

Оқушының сөздік қорының баюы дер едім

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы». – Алматы: Қазақстан, 1995. – 32 б.
2. «Мұғалімге арналған нұсқаулық». I деңгей. НЗМ ДББҰ, 2014ж.